



## БҰЙРЫҚ

*2020 жылғы 17 ақпан*  
Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ *66*  
город Караганда

### «Тексан Астана Жарык» ЖШС банкроттық басқарушысын шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы Заңының 15-бабының 3-тармағына сәйкес, «Тексан Астана Жарык» ЖШС банкрот деп тану туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2017 жылғы 18 тамыздағы шешімі және 2020 жылғы 11 ақпандағы кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тексан Астана Жарык» ЖШС, БСН 141240000403 банкроттық басқарушысы Каламкас Амангельдиевна Сахова мүлікті және істерін басқарудан босатылсын.

2. Каламкас Амангельдиевна Сахова борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілген құжаттарын, барлық мүлкін (активтерін), сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы А.М. Адамбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

К.Оркашбаев